

## БҰЙРЫҚ

11.06.2026ж.

## ПРИКАЗ

№ 1060

### **8D101 Денсаулық сақтау бағыты: 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерін бекіту туралы**

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығының 5, 9-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде PhD диссертанты Шүкімбаева Айнұр Маратовнаның «Жаңа психоактивті заттарды асыра пайдаланатын науқастардағы жүрек-қан тамырлары патологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Тлегенова Женисгуль Шимбулатовна – философия докторы (PhD), Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің «№2 ішкі аурулар» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ақтөбе қаласы, Қазақстан;

2) Асадуллин Азат Раилевич – медицина ғылымдарының докторы, Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігінің «Башқұрт мемлекеттік медицина университеті» жоғары білім беру федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің психиатрия, наркология және психотерапия кафедрасының профессоры, Уфа қаласы, Башқұртстан;

3) Негай Николай Анатольевич - медицина ғылымдарының кандидаты, дүниежүзілік психиатриялық қауымдастықтың Шығыс Еуропа елдеріндегі (10-аймақ) өкілі. «Психикалық денсаулық саласында жұмыс істейтін мамандар қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті. «Emdeu Medical Data» ЖШС директоры, Алматы қаласы, Қазақстан.

2. 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері ретінде PhD диссертанты Шүкімбаева Айнұр Маратовнаның «Жаңа психоактивті заттарды асыра пайдаланатын науқастардағы жүрек-қан тамырлары патологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Пантелеева Лилия Юрьевна – медицина ғылымдарының кандидаты, дәрігер-психотерапевт, Б.Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университеті Медициналық психология, психиатрия және психотерапия кафедрасының доценті, Бішкек қаласы, Қырғызстан;

2) Керимкулова Айман Сайлаубековна – медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «Астана медицина университеті» КеАҚ «№2 отбасылық медицина» кафедрасының меңгерушісі, Астана қаласы, Қазақстан.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор Н.Е. Ауқеновке жүктелсін.

Негіздеме: 8D10102 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің хаттамасынан көшірме.

Ректор



Ж.Сейтжанова